

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ жатақханаларына қоныстануға қатысты ақпарат

1. Студенттерге жатақханадан орын беру 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларынан орын бөлу қағидаларына» сәйкес жүргізіледі. Бұл қағидалар 2023 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №31540 тіркелген.

2. Студенттердің өтініштерін объективті және талаптарға сай қарастыру мақсатында «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ Ректоры – Басқарма Төрағасының бұйрығымен жатақханалардан орын бөлу жөніндегі арнайы конкурстық комиссия құрылды. Комиссия құрамына мыналар кіреді:

- 1) Университет әкімшілігінің жатақхана мәселесіне жауапты өкілі;
- 2) Қоғамдық ұйым өкілдері – кәсіподақтар және басқа да ерікті негізде құрылған бірлестіктер;
- 3) Студенттік өзін-өзі басқару органының өкілдері;
- 4) Факультет декандары немесе жатақхана мәселесіне жауапты орынбасарлары;
- 5) Жастар саясатына жауапты құрылымдық бөлімше өкілдері.

3. Жатақханадан орын алу үшін университет сайтындағы <http://www.kstu.kz/obshhezhitie/> сілтемесі арқылы онлайн-өтініш беру қажет «Жылдам сілтемелер – студентке – жатақхана» бөлімінде, сондай-ақ әлеуметтік жеңілдіктерді растайтын құжаттарды тіркеу қажет (Тізімге сәйкес).

4. Конкурстық комиссия жатақханадан орын бөлуді келесі басымдық тәртібімен жүзеге асырады:

1) Тұл жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 18 жасқа дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған ҚР азаматтары, I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;

2) III топтағы мүгедектер, ата-анасының бірі немесе екеуі мүгедек болған тұлғалар, асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, ҰОС ардагерлеріне теңестірілген

тұлғалар, ауылдық жерлерден келген және ауылды әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған бағдарламалар бойынша оқуға түскен жастар, қандастар, әскери борышын өтеп келген азаматтар (бірінші курсқа);

3) «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін – 2050») жобасы аясында білім алушылар;

4) «Алтын белгі» иегерлері, Президенттік, халықаралық немесе республикалық олимпиада мен байқаулардың жеңімпаздары немесе жүлдегерлері, үздік (қызыл) аттестат, куәлік, диплом иегерлері;

5) Бірінші курсқа мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары баллмен қабылданған студенттер. ҰБТ/КТ баллдары тең болған жағдайда материалдық жағдай ескеріледі;

6) Жоғары курс студенттері – үздік оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыс нәтижелері бар;

7) Басқа да студенттер. Шетелдік студенттерге орындар халықаралық және үкіметаралық келісімдерге сәйкес бөлінеді.

5. Комиссия шешімі – жатақханаға қоныстануға жолдама беру немесе бас тарту. Жолдама студенттің электрондық поштасына автоматты түрде жіберіледі.

6. Қоныстанғаннан кейін әрбір студентке жеке іс парағы ашылады (жатақхана администраторы мен факультет деканатында), онда жатақхана ережелерін бұзу жағдайлары тіркеледі. Ережелерді бұзған студент келесі жылы жатақханадан орын ала алмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

2025–2026 оқу жылына жатақханадан орынға өтініш **қабылдау 2025 жылғы 20 тамыздан** бастап жүзеге асырылады (Конкурстық комиссияның қарауына). Жоғары курс студенттері үшін өтініш қабылдау 2025 жылғы **29 тамыздан кейін** басталады. Жатақханаға орналасу уақыты **28 тамыздан** басталады.

Орын берілгеннен кейін студент міндетті түрде:

1. Қарағанды қаласына келгенде вокзалдан немесе автовокзалдан №1 автобуспен университетке дейін («Әкімдік» аялдамасы) жетуі керек;

2. Жолдамада көрсетілген жатақханаға барып, заттарын сақтау камерасына өткізуі қажет. Жатақхана мекенжайлары: Н. Назарбаев даңғылы, 56/2; Н. Назарбаев даңғылы, 56/6; Н. Назарбаев даңғылы, 60.

3. Университеттің Медпунктінде (ЖК «Армандастар Ордасы», 1-қабат) Педикулез бен қышыма қарсы тексерістен өтіп, медициналық анықтама алуы қажет;

4. Екінші деңгейлі банктердің кассасында жатақхана ақысының келесі бөлігін төлеу:

- Күзгі семестр (қыркүйек 2025 – қаңтар 2026) – қоныстану кезінде;

- Көктемгі семестр (ақпан – маусым 2026) – 01.02.2026 ж. дейін;

Төлем түбіртегінде міндетті түрде «Жатақхана үшін төлем, Т.А.Ә.» деп көрсету қажет. Көшірмесін администратор мен деканатқа тапсыру керек;

5. Жатақханада екі дана тұрғын үй жалдау шартын толтырып, қол қою керек (біреуі – администраторда, екіншісі – студентте), сондай-ақ тұрғын үйді қабылдау-тапсыру актісіне және анкеталық мәліметтерге қол қоюы қажет;

6. **Келесі құжаттарды** жатақхана администраторына тапсыру:

- 3 дана 3*4 көлеміндегі сурет;
- Жеке куәліктің 2 дана көшірмесі;
- Педикулез бен қотырға қарсы тексерістен өткендігі туралы анықтама;

- 2 дана құжаттарға арналған файл, 1 дана скоросшиватель;

- Жатақханаға төленгені туралы түбіртек (Шартқа сәйкес - бойынша семестрлік төлем: 50% – қоныстанған кезде (қыркүйек - қаңтар үшін), 50% - 1.02.2026 ж. (ақпан - маусым));

- Әлеуметтік санатқа жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі. Құжат болмаған немесе жалған мәліметтер берілген жағдайда қоныстануға рұқсат етілмейді.

7. Екі апта ішінде уақытша тіркеуден өту (Қарағанды техникалық университетінің жатақханасы «Студенттер үйі», 1-қабат, 114-каб.), ол үшін алдын ала ХҚКО-дан ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) алу қажет;

8. Академиялық топ кураторына жатақхана бөлмесінің нөмірін хабарлау.

Төлем жасалмаған, растайтын құжаттар тапсырылмаған немесе жалған мәлімет берілген жағдайда студентке қоныстануға бас тартылады!!!

Сілтеме: «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ сайтындағы өтініш беру парағы
<http://www.kstu.kz/obshhezhitie/>